

Жеміс-көкөніс шаруашылығы бойынша қызметтегі кәсіби стандартты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 20/43 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 21 мамырда № 9455 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 393 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.12.2020 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5 бабының 3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі "Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2013 жылға қаражат бөлу және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы" № 406 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жеміс-көкөніс шаруашылығы бойынша қызметтегі кәсіби стандарт бекітілсін.
2. Егіншілік департаменті (А.А. Буць) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен кәсіби стандартты енгізуге шаралар қабылдасын.
3. Әлеуметтік саясат басқармасы (С.С. Лепешко) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әлеуметтік саясат басқармасына (С.С. Лепешко) жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А.Мамытбеков

Келісілген

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрі

Т. Дүйсенова

2014 жылғы 7 сәуір

Жеміс-көкөніс шаруашылығы бойынша қызметтегі кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Жеміс-көкөніс шаруашылығы бойынша қызметтегі кәсіби стандарты (бұдан әрі КС):

1) кәсіби білім беру мен еңбек салалары арасындағы қарым-қатынасты реттеуге;

2) кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін көтеруді дайындау бағдарламаларын әзірлеу талаптарының мерзімін белгілеуге;

3) аттестациялау мен сертификаттауда қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау талаптарының мерзімін белгілеуге;

4) кәсіби қызметтің мәніне бірыңғай талаптар әзірлеуге, еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға;

5) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге;

6) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

7) кәсіби даярлығын бағалаудан өткізу және мамандар біліктіліктерінің сәйкестіктерін растауға арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру мекемелері түлектері, жұмысшылар;

2) ұйымдардың басшылары мен жұмысшылары, ұйымдардың персоналды басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. КС негізінде кәсіпорындар қызметінің функционалдық үлгілеріне, лауазымына, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, аттестациядан өткізу, еңбекке ынталандыру жүйесіне ішкі, корпоративті стандарттар және басқалар әзірленуі мүмкін.

4. Осы КС-да төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – жұмысшының нақты түрін орындауда кәсіби дайындық деңгейі

;

2) біліктілік деңгейі\білікті деңгейі – орындалатын жұмыстардың жауапкершілігін, өзгешілігін және қиындығын бейнелейтін қызметкер біліктілігіне (құзыреттілігіне) қойылатын талаптар;

3) еңбек заттары – нақты еңбек құралдары көмегімен өнім әзірлеу мақсатында жұмысшының әрекеттері бағытталған заттар;

4) еңбек құралдары – еңбек заттарын бастапқы жағдайынан өнімге түрлендіруде жұмысшының қолданатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіліктердің тұтас жиынымен құрамдастырылған кәсіби қызмет саласының құрама бөлігі;

6) еңбек функциясы – бизнес-процеспен анықталатын және олардың еңбек қызметінің нақты түрінің шеңберінде орындалуы үшін тиісті құзыреттіліктің болуын көздейтін еңбек әрекеттерінің интеграцияланған және тиісінше автономды жиынтығы;

7) кәсіби қызметтің саласы – ортақ интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіліктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) КС – кәсіби іс-әрекеттің нақты саласындағы біліктілік деңгейлерге, құзыреттіліктерге, сонымен қатар еңбек мазмұны, сапасы және шарттарына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт;

9) кәсіби стандарт бірлігі – КС еңбек қызметінің нақты түрі бойынша маңызды, қатысымды дербес, аяқталған, бүтін нақты еңбек функциясының толық сипаттамасының құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы білімді, ептілікті және практикалық дағдыларды талап ететін және білімі туралы тиісті құжаттармен нақтыланатын адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;

11) құзыреттілік – қызметкердің кәсіби қызметте білімін және іскерлігін қолдану қаблеті;

12) лауазым – лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

13) міндет – нақты еңбек заттары мен құралдарын пайдаланып еңбек функциясын жүзеге асырумен және нәтижеге жетуге байланысты әрекеттер жиынтығы;

14) сала – өндірілетін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ мекемелер мен ұйымдардың жиыны;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығындағы танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

17) функционалдық карта – бір немесе басқа да кәсіби қызмет саласында нақты қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

2. КС паспорты

5. Экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеушісі 03-2007: 01.13 Көкөністер мен бақша дақылдарын, тамыр жемістілерді және түйнек жемістілерді өсіру, 01.19 Басқа маусымдық дақылдарды өсіру, 01.21 Жүзім өсіру, 01.24 Дәнді және сүйекті жемістілерді өсіру, 01.29 Басқа да көпжылдық дақылдарды өсіру.

6. Экономикалық қызмет түрінің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты: жемісті-жидекті дақылдардың көп жылдық отырғызғыларын, жүзім, бақ шаруашылығы, жеміс шаруашылығы, қорғалатын топырақта ауыл шаруашылығы дақылдарын отырғызу, өсіру, қалпына келтіру, отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін арттыру.

КС жеміс-көкөніс шаруашылығы кәсіби қызметі саласында еңбек заттарына, сапасына, жағдайына, қызметкерлердің біліктілігі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

7. Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшасында берілген.

Стандарт талаптары қызмет түрлеріне және осы саланың төмендегі кәсіптеріне жатады:

жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысы;

көкөніс өсіруші;

диқан;

бағбан;

бақшашы;

жүзім өсіруші;

қызылша өсіруші;

жеміс-көкөніс өсіруші.

3. Еңбек қызмет (кәсіп) түрлерінің карточкасы

1-параграф. Жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысы

8. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 1-2.

9. Лауазымның мүмкін атаулары: жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысы.

10. "Жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: сақтау үдерісінде өнімнің жағдайын бақылау.

11. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

12. Жеміс-көкөніс қоймасы жұмысшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

13. Еңбек функцияларын айқындайтын, жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 2-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

14. Жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысының орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

15. Жеміс-көкөніс қоймасы жұмысшысының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5,6-кестесінде көрсетілген.

2-параграф. Көкөніс өсіруші

16. СБШ бойынша біліктілік деңгейі –2-3.

17. Лауазымның мүмкін атаулары: көкөніс өсіруші.

18. "Көкөніс өсіруші" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: көкөніс өсіру шаруашылығында жұмыс атқару.

19. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

20 Көкөніс өсірушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

21. Еңбек функцияларын айқындайтын, көкөніс өсіруші орындайтын, КС бірліктерін тізбесі осы КС 3-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

22. Көкөніс өсіруші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 3-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

23. Көкөніс өсірушісінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 5,6-кестесінде көрсетілген.

3-параграф. Диқан

24. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.

25. Лауазымның мүмкін атаулары: диқан.

26. "Диқан" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: ауыл шаруашылығы саласындағы қол жұмыстарын орындау.

27. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 4-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

28. Диқанның еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

29. Еңбек функцияларын айқындайтын, диқан орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 4-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

30. Диқан орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 4-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

31. Диқанның құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 5,6-кестесінде көрсетілген.

4-параграф. Бағбан

32. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.

33. Лауазымның мүмкін атаулары: бағбан.

34. "Бағбан" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: бағбан шаруашылығындағы қол жұмыстарын орындау.

35. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

36. Бағбанның еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

37. Еңбек функцияларын айқындайтын, бағбан орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 5-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

38. Бағбан орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 5-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

39. Бағбанның құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 5,6-кестесінде көрсетілген.

5-параграф. Бақшашы

40. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.

41. Лауазымның мүмкін атаулары: бақшашы.

42. "Бақшашы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: бақша дақылдарына күтім жасау.

43. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 6-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

44. Бақшашының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

45. Еңбек функцияларын айқындайтын, бақшашы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 6-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

46. Бақшашы орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 6-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

47. Бақшашының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 5,6-кестесінде көрсетілген.

6-параграф. Жүзім өсіруші

48. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3-4.

49. Лауазымның мүмкін атаулары: жүзім өсіруші.

50. "Жүзім өсіруші" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: жүзімді өсіру мен оған күтім жасау бойынша жұмыс.

51. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 7-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

52. Жүзім өсірушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

53. Еңбек функцияларын айқындайтын, жүзім өсіруші орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 7-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

54. Жүзім өсіруші орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 7-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

55. Жүзім өсірушінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

7-параграф. Қызылша өсіруші

56. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.

57. Лауазымның мүмкін атаулары: қызылша өсіруші.

58. "Қызылша өсіруші" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: қызылша өсіру шаруашылығында жұмыстарды орындау.

59. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 8-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

60. Қызылша өсірушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

61. Еңбек функцияларын айқындайтын, қызылша өсіруші орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 8-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

62. Қызылша өсіруші орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы 8-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

63. Қызылша өсірушісінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшасының 5,6-кестесінде көрсетілген.

8-параграф. Жеміс-көкөніс өсіруші

64. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.

65. Лауазымның мүмкін атаулары: жеміс-көкөніс өсіруші.

66. "Жеміс-көкөніс өсіруші" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: екпелер және отырғызғылард өсіру және күту.

67. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 9-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

68. Жеміс-көкөніс өсірушісінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 9-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

69. Еңбек функцияларын айқындайтын, жеміс-көкөніс өсіруші орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 9-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

70. Жеміс-көкөніс өсіруші орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 9-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

71. Жеміс-көкөніс өсірушісінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 9-қосымшасының 5,6-кестесінде көрсетілген.

4. КС әзірлеушілері

72. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі болып табылады.

73. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 10 - қосымшасында көрсетілген.

Жеміс-көкөніс шаруашылығы бойынша
қызметтегі кәсіби стандартының
1-қосымшасы

Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

--	--	--	--	--

№ р/с	Қызмет түрі атауы	Еңбек нарығы тенденцияларын есепке алғандағы кәсіп атауы	01-2005 Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуішіне сәйкес кәсіптер атауы	С Б Ш біліктілік деңгейлері
1.	Жеміс-көкөніс шаруашылығы	Жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысы	Жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысы	1-2
2.	Жеміс-көкөніс шаруашылығы	Көкөніс өсіруші	Көкөніс өсіруші	2-3
3.	Жеміс-көкөніс шаруашылығы	Диқан	Диқан	2-3
4.	Жеміс-көкөніс шаруашылығы	Бағбан	Бағбан	2-3
5.	Жеміс-көкөніс шаруашылығы	Бақшашы	Бақшашы	2-3
6.	Жеміс-көкөніс шаруашылығы	Жүзім өсіруші	Жүзім өсіруші	3-4
7.	Жеміс-көкөніс шаруашылығы	Қызылша өсіруші	Қызылша өсіруші	2-3
8.	Жеміс-көкөніс шаруашылығы	Жеміс-көкөніс өсіруші	Жеміс-көкөніс өсіруші	2-3

Жеміс-көкөніс шаруашылығы бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 2-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	9350 Жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	1-шығарылым, Экономиканың барлық салалары үшін ортақ болатын жұмысшылардың мамандығы
БТБА бойынша кәсібі	Жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
1	1
2	2

2-кесте. Жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Қоймалар, қамбалар, база, плантациялар, бақшалар, тәлімбақтар, кәсіпорындар, ауыл шаруашылығы саласы, учаске, бөлімшелер, ұйымдар, кәсіпорындар, жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары, жылыжайлар, қосалқы орын-жай, сұрыптау орындары, цех, егістік
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Жоқ
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
1	Практикалық тәжірибесі және/немесе жұмыс орнында қысқа мерзімді курстар (нұсқаулық) және/немесе негізгі орта, бірақ бастауыш білімнен төмен емес білімі бар болған жағдайда қысқа мерзімді курстар	Талап етілмейді
2	Негізгі орта білімнен төмен емес, жалпы орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (кәсіпорында білімді ұйымдастыру немесе оқыту базасындағы қысқа мерзімді курстар)	Талап етілмейді

3-кесте. Жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысы орындайтын, еңбек функцияларының анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Вагондар, баржалар, автокөліктерден картопты, көкөністерді, жеміс-жидектерді қолмен немесе машиналар мен механизмдер көмегімен түсіру; өнімдерді сақтау мерзімі және басқа да белгіленген белгілері бойынша сұрыптау, өлшеу және сақтауға беру
2	Сақтау үдерісінде өнімнің жағдайын бақылау; картопты өсіндіге қарсы препаратпен тозаңдандыру; қоймаларды хлорлы әктаспен өңдеу, қойма люктерін жылыту; жеміс-көкөністерді, картопты, жидектерді сатуға дайындау: қолмен немесе машинамен іріктеу, өлшеу, өнімдерді және қалдықтарды ыдысқа салу, жөнелтуге дайындау
3	Өнімдерді автокөлікке тиеу; ыдысты сұрыптау және жөндеу

4-кесте. Жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функция-ларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралы	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Картоп, көкөністер, жеміс-жидектер	Арба, қаптар, қолғаптар, ыдыс, таразы, себет, үстел, автокөлік, жүк- арба, баржа, , үйінді, ор, ағаш жәшіктер, қораптар	1-1) Картоп, жеміс-жидектер, көкөністер және т.б. дайындау, картопты, жеміс-жидектерді, көкөністерді және т.б қолмен іріктеу, картоп пен жемістерді үйінді мен орға тиеу, өнімдерді (картоп, жеміс- жидектер, көкөністер және т.б.) сұрыптау
2	Әктас, шелек, жаққыш, картоп, жеміс-жидектер , көкөністер	Тоzaңдандыру препараттары, машина, таразы, халат, қолғаптар, қоқыс жәшігі, ыдыс, себет, үстел, ағаш жәшіктер, қаптар, қораптар, ыдыс, күрек, шелек, әктас, жаққыш	2-1) Люкті жылыту, қойманы, цехты, бақшаны, жылыжайды, жүзімдікті және т.б. өңдеу, жылдам бүлінетін жеміс-көкөністерді және жидек дақылдарын уақытылы сақтау, қайта өңдеу және сатуды қамтамасыз ету
3	Картоп, жеміс-жидектер , көкөністер	Ыдыс, себет, үстел, ағаш жәшіктер, қаптар, қораптар, күрек	3-1) Өнімдерді автокөлікке тиеу; ыдысты сұрыптау және жөндеу

5-кесте. СБШ біліктіліктің 1-деңгейлі жеміс-көкөніс қоймасы жұмысшысының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Командадағы жұмысқа оң икемділік, қағидалар мен нормалардың, қарапайым қауіпсіздік шараларының сақталуына, өз денсаулығына жеке жауапкершілік	Қарапайым міндеттерді орындау	Қауіпсіздік техникасы және денсаулық сақтау қағидалары, нормалары, талаптары, сондай-ақ тиеу, қайта тиеу қатысындағы міндеттемелер.
2-1)	Өнімді дайындау, іріктеу, сұрыптау кезінде міндеттерді орындау қажеттілігін түсіну	Жұмыс орнын тазалау кезінде стандартты практикалы міндеттерді орындау білігі, нақты айқындалған қызмет шеңберінде толық басшылық жасаумен қойылған нәтижелерге қол жеткізу дағдылары	Жеміс-көкөніс шаруашылығында пайдаланылатын қарапайым құрал-жабдықтар мен аспаптар туралы білім

6-кесте. СБШ біліктіліктің 6-деңгейлі жеміс-көкөніс қоймасы жұмысшысының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Командадағы жұмысқа оң икемділік, қағидалар мен нормалардың, қарапайым қауіпсіздік шараларының сақталуына, өз денсаулығына жеке жауапкершілік	Қарапайым міндеттерді орындау	Қауіпсіздік техникасы және денсаулық сақтау қағидалары, нормалары, талаптары, сондай-ақ тиеу, қайта тиеу қатысындағы міндеттемелер.
2-1)	Ауыл шаруашылығының нақты құрылымдық түршесі аясында белгілі міндеттер шеңберінде жұмыс нәтижесі мен сапасы үшін жауапкершілік	Стандартты және бір тектес практикалық міндеттерді шешу және алға қойған нәтижелерге қол жеткізу	Кәсіби дайындық және (немесе) өздігінен процесте алынған білімдел
2-2)	Өнімді дайындау, іріктеу, сұрыптау кезінде міндеттерді орындау қажеттілігін түсіну	Жұмыс орнын тазалау кезінде стандартты практикалы міндеттерді орындау білігі, нақты айқындалған қызмет шеңберінде толық басшылық жасаумен қойылған нәтижелерге қол жеткізу дағдылары	Жеміс-көкөніс шаруашылығында пайдаланылатын қарапайым құрал-жабдықтар мен аспаптар туралы білім

Жеміс-көкөніс шаруашылығы бойынша
қызметтегі кәсіби стандартының
3-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуші (МКЖ)	
Базалық топ	6111 Көкөніс өсіруші
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	

Шығарылым, БТБА тарауы	64-шығарылым, 19-тарау "Өсімдік шаруашылығы, су және орман шаруашылығындағы ортақ мамандықтар"
БТБА бойынша кәсібі	Көкөніс өсіруші
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
2	2
3	3

2-кесте. Көкөніс өсірушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Қоймалар, қамбалар, база, плантациялар, бақшалар, тәлімбақтар, учаске, бөлімшелер, ұйымдар, кәсіпорындар, жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары, жылыжайлар, қосалқы орын-жай, сұрыптау орындары, цех, егістік	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Жоқ	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
2	Негізгі орта білімнен төмен емес, жалпы орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (кәсіпорында білімді ұйымдастыру немесе оқыту базасындағы қысқа мерзімді курстар)	Талап етілмейді
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді

3-кесте. Көкөніс өсіруші орындайтын, еңбек функцияларының анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Ашық және жабық топырақты көкөніс шаруашылығында топырақты, тұқым мен тыңайтқышты дайындау, көшет өсіру, көкөніс дақылдарын егу және отырғызу, дақылдарды күту, өнімді жинау және сақтау, оны сату, қарапайым қол құрал-жабдықтарының көмегімен өңдеу жұмыстарын, сондай-ақ электр мотор және іштен жану қозғалтқыштарының көмегімен жүретін механизмдер мен агрегаттарға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау, қолданылатын машиналар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсету, олардың ақаулықтарын анықтау және жою
2	Топырақты егуге және отырғызуға (жырту, тырмалау, борпылдақ және басқа жұмыстар) дайындау, тыңайтқыштарды дайындау және топыраққа енгізу; тұқымдарды және отырғызу материалдарын дайындау, текшелерді дайындау үшін топырақ қоспасының (субстрат) құрауыштарын елеу, құрауыштарды араластыру, топырақ қоспасын тиеу, топырақ қоспасын жылыжайға көшіру, көшет қоспасын булау, құнарлы текшелерді дайындау үшін топырақ қоспасын борпылдату, құнарлы текшелер дайындау және

	тұқым егу, құнарлы текшелерді арбаға орнату және жылыжайға көшіру, құнарлы текшелерді топыраққа орнату, көшеттерді салумен орналастыру, органикалық тыңайтқыштарды тиеу, органикалық тыңайтқыштарды тасымалдау, органикалық тыңайтқыштарды жылыжайға апару, органикалық тыңайтқыштарды шашу, топырақты жырту, топырақты қолмен жырту
3	Егін өнімдерін егу және бақша өнімдерін отырғызу, егіндерді және көшеттерді (отау, суару, шабықтау, өсімдіктерді іліп байлау және т.б.) өсіру және күту, өсімдіктерді зиянкестерден қорғау (биохимиялық өңдеу), күту, топырақты фрезерлеу, минералдық тыңайтқыштарды жеткізу, минералдық тыңайтқыштарды енгізу, топырақты екінші рет фрезерлеу, тіркеуіштерді жайып салу, көшеттерді тізбектеп отырғызуға дайындау, көшеттерді таңдау, тиеу, өсімдіктерді іліп байлау, өсімдіктерді қалыптастыру (15-рет), бір уақытта отаумен топырақтың беткі қабатын борпылдату, улы химикаттармен 12 рет өңдеу, ыдысты жылыжайға жинау үшін тасымалдау, өнімді жинау, өнімді шығару, өнімді өлшеу, өнімді сұрыптау, өнімді ыдысқа салу, көлікке тиеу, өсімдік тамырларын жұлу, ағаш қатарын кесу, тіркеуіштерді жинау, өсімдік қалдықтарын жою және оларды көлік құралдарына тиеу, жиналған өнімді жинақтау, сақтау орнына тасымалдау және сақтау, өнімді дайындалған бекеттерге және оны тұтынушыларға сатуға жеткізу, өсімдік қалдықтарын шығару, топырақты қолмен жырту (зарарсыздандыру алдында), жылыжайды тазалау және жуу, жылыжайды зарарсыздандыру, ішкі шынысын жуу, сыртқы шынысын жуу, жылыжайды келесі айналымға дайындау жұмыстарының кешені (жерді суландыру, жылыту)

4-кесте. Көкөніс өсіруші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Топырақ, тұқым, тыңайтқыштар, көшет, көкөніс дақылдары, жеміс ағаштары, бұталар, екпелер, бадана, тұқым, жасыл өсімдіктер	Қолғаптар, халат, қол құралы және аспап, ыдыстар, таразы, қаптар, тұқым сепкіштер, екпелер, жылыжайға арналған топырақ қоспасы, араластырғыш	1-1) Ашық және жабық топырақты көкөніс өсіруде топырақты, тұқымды, тыңайтқыштарды дайындау, көшеттерді, егістерді өсіру, көкөніс өнімдерін отырғызу жұмыстарын орындау, сөрелерді ыстық сумен жуу, шүйілдіру жәшіктері мен құмыраларға топырақ салу 1-2) Өнімдерді күту, жинау және сақтау, оларды сату, қарапайым қол құралымен және аспабымен өңдеу; топырақты қазғаннан кейін тегістеу; керамзиттен қоқысты іріктеу; шымтезек шірінділерінің және қыш құмыраларды тасу және орнату; субстратты шаю мен фосфаттау және тамырларын жұлу
	Топырақ, тұқым, тыңайтқыштар, көшет, көкөніс	Қолғаптар, жұмыс киімі, жұмыс құралы, трактор, машина, шапқы, кетпен, қолмен шабықтағыш, күрек, тырнауыштар, сыдыра жыртқыштар, мотоблок, қаптар, қолғаптар, пластиктен жасалған бөтелкелер, әмбебап	2-1) Электр моторларынан және іштен жанатын қозғалтқыштарынан іске қосылатын қозғалтқыштарға және агрегаттарға қызмет көрсету жұмыстарын орындау; дайындау, қатарға төсеу және қыртысты жерді қопсыту; айналма арамен жылытылған топыраққа сабан үйіндісін кесу; қысқа тығумен қыртысты жерлерге ки себу, көшеттіктерді биоотынмен толтыру; шымтезектерді тізбектен төсеу; топырақты бумен зарарсыздандыру; керамзитті сөреден сөреге лақтырып жуу; жер көшеттіктеріне қарашірік төгу, субстратты жылыжай сөрелеріне дайындау, сұрыптау және

2	дақылдары, жеміс ағаштары, бұталар, екпелер, бадана, тұқым, жасыл өсімдіктер	көтергіш, трактор тіркеуші, бу генераторы, топырақты булауға арналған жабдық, техника, машиналар, сомындар, жылыжайға, көшеттіктерге арналған аспаптар, ыдыс, әмбебап көтергіш, трактор тіркемесі	тиеу; таселек арқылы ұсақ тас себу; шымтезек шірінділерінің және көшеттерді шүйілдірумен құнарлы текшелердің құмыраларын дайындау бойынша машиналар мен станоктарға қызмет көрсету; шымтезек шірінділерінің құмыраларын қолмен дайындау; жылыжайларда топырақты қазу; қиды, шіріндіні, топырақты, тыңайтқышты, сабан текшелерін зембілмен тасу 2-2) Пайдаланылатын машиналар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсету, олардың ақауларын анықтау және жою; қоректі ерітінділер дайындау, оларды тексеру және түзету; көшеттіктердегі және жылыжайлардағы өсімдіктерге күтім жасау (суару, сирету, отау, қысу және басқа да жұмыстар)
---	--	---	--

5-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі көкөніс өсірушісінің құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Белгіленген нәтижелерге дербес жетуге қажетті ресурстар мен уақытты анықтау және бағалау бойынша функционалдық міндеттер шеңберіндегі жауапкершілік	Стандартты және қарапайым міндеттерді орындау білігі, жеміс-көкөніс шаруашылығында жұмыс үрдісі мен оның нәтижесін дербес жоспарлау, орындау мен талдау дағдысы	Кәсіби дайындық кезінде және (немесе) дербес алынған практикаға бағытталған кәсіби білім
1-2)	Жұмыс барысын жоспарлауды қоса алғандағы атқарушылық қызметті түсіну	Білім мен практикалық тәжірибе негізінде таныс әрекет тәсілін таңдау және алынған нәтижелерді ескере отырып қызметті түзету	Кәсіби қызметте қолданылатын негізгі құралдар мен жабдықтарды пайдаланудың, оларға техникалық қызмет көрсетудің, тасымалдау, сақтау және қоймаға қоюдың негізгі қағидалары
2-1)	Нормадан ауытқу жағдайында кәсіби қызмет үдерісін жақсарту үшін идеялар ұсынады	Қарапайым өндірістік жағдайларда өзін-өзі бағалау, ұйымдастыру және әрекеттерді түзету дағдыларын көрсетеді	Еңбек қызметі өнімдері мен басқа материалдарды қолдану талаптары және қағидалары. Затты түрлендіру технологиясы, еңбекті жоспарлау мен ұйымдастыру саласындағы білім. Сапаны бақылау және құжаттаманы жүргізу тәртібі

6-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі көкөніс өсірушісінің құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
	Белгіленген нәтижелерге дербес жетуге қажетті ресурстар мен	Стандартты және қарапайым міндеттерді орындау білігі, жеміс-көкөніс	

1-1)	уақытты анықтау және бағалау бойынша функционалдық міндеттер шеңберіндегі жауапкершілік	шаруашылығында жұмыс үрдісі мен оның нәтижесін дербес жоспарлау, орындау мен талдау дағдысы	Кәсіби дайындық кезінде және (немесе) дербес алынған практикаға бағытталған кәсіби білім
1-2)	Жұмыс барысын жоспарлауды қоса алғандағы атқарушылық қызметті түсіну	Білім мен практикалық тәжірибе негізінде таныс әрекет тәсілін таңдау және алынған нәтижелерді ескере отырып қызметті түзету	Кәсіби қызметте қолданылатын негізгі құралдар мен жабдықтарды пайдаланудың, оларға техникалық қызмет көрсетудің, тасымалдау, сақтау және қоймаға қоюдың негізгі қағидалары
2-1)	Нормадан ауытқу жағдайында кәсіби қызмет үдерісін жақсарту үшін идеялар ұсынады	Қарапайым өндірістік жағдайларда өзін-өзі бағалау, ұйымдастыру және әрекеттерді түзету дағдыларын көрсетеді	Еңбек қызметі өнімдері мен басқа материалдарды қолдану талаптары және қағидалары. Затты түрлендіру технологиясы, еңбекті жоспарлау мен ұйымдастыру саласындағы білім. Сапаны бақылау және құжаттаманы жүргізу тәртібі
2-2)	Басшылықпен еңбек қатынастарын қолдайды, оған бақ бойынша есеп деректерін ұсынады, өз денсаулығы мен қауіпсіздігіне, өзгелердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне, және белгілі бір міндеттерді орындаған кезде қоршаған ортаны сақтауына жауап береді	Алдыға қойылған міндеттерді орындаудың тәсілдерін, еңбек заттары мен құралын, бағалау қағидаларын, өлшеу әдістерін дербес белгілеу	Кәсіби қызметте қолданылатын негізгі құралдар мен жабдықтарды пайдаланудың, оларға техникалық қызмет көрсетудің, тасымалдау, сақтау және қоймаға қоюдың негізгі қағидалары, қауіпсіздік техникасы нормалары, қауіпсіздік техникасы ережелерін біледі

Жеміс-көкөніс шаруашылығы бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 4-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	6112 Диқаншылар және көкөнісшілер
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	64-шығарылым, 19-тарау "Өсімдік шаруашылығы, су және орман шаруашылығындағы ортақ мамандықтары"
БТБА бойынша кәсібі	Диқан
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
2	2
3	3

2-кесте. Диқаншының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

--	--

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)		Учаске, бөлімше, ұйым, ауыл шаруашылық кооперативтері, шаруа қожалығы, сұрыптау орны, цех, көшеттіктер, егістік, жылыжай
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		Жоқ
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары		Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
2	Негізгі орта білімнен төмен емес, жалпы орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (кәсіпорында білімді ұйымдастыру немесе оқыту базасындағы қысқа мерзімді курстар)	Талап етілмейді
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді

3-кесте. Діқаншы орындайтын, еңбек функцияларының анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Топырақты өңдеу және дайындау, егу, отырғызу және оны күту кезінде қолмен жасалатын ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау
2	Ауыл шаруашылығы дақылдарының арамшөптері мен зиянкестерімен күресу жөніндегі қол жұмысын орындау, өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдарын қолдану, егістікке көң, шымтезек тастау, минералды тыңайтқыш себу, қоймаға салу, тыңайтқыштарды, көңді тасымалдау және жан-жаққа шашу, минералды тыңайтқыштарды ұнтақтау және себу, компост дайындау, шымтезек пен көңді шұңқырларға салу
3	Тұқымдарды жылы ауамен жылыту, тұқым сепкіштер мен көшет отырғызғыштарға тұқым мен минералды тыңайтқыштарды салу, егістікті отау, арамшөп жинау және егістік алқабынан шығару, шөпті, сабанды, бауды кептіру, шөп пен сабанды жинау және көпенелеу, картоп пен басқа да дақылдарды жыртылған жерден, жыртқаннан кейінгі қатардан жинау; қаптарды, жәшіктерді, себеттерді толтыру, тасымалдау және салу, сақтағаннан кейін картопты, тамырлы жемістерді іріктеу, жуу, сұрыптау

4-кесте. Діқаншы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Топырақ, тұқым, тыңайтқыштар, арамшөп, ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестері, өсімдіктер, көң,	Тұқым сепкіштер, екпелер, қолғаптар, жұмыс құралдары, жұмыс киімі,	

	шымтезек, минералды тыңайтқыштар, шұңқырлар, егістік, компос үйіндісі	айыр, күрек, агрегаттар, механизмдер, шашыратқыш, бөлшектегіш құрал	1-1) Топырақты өңдеу және дайындау, егу, отырғызу және оны күту кезінде қолмен жасалатын ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау
